

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын дамыту Тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы 1993 жылғы 7 желтоқсан N 1440. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланының ұйымдық құрылымын одан әрі жетілдіру, оны адамдармен және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын дамыту Тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті: Қазақстан Республикасының Республикалық ұланының қызметін ұйымдастыру жөніндегі бұрын қабылданған шешімдердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Республика ұланын дамыту Тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін керекті шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының Даму Тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 16 наурыздағы N 673 Жарлығымен құрылған Республикалық ұлан негізінен қалыптасып, Қазақстан Республикасының Конституциясы белгілеген міндеттерді орындауға кірісті. Оның құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы" Заңымен бекітіледі.

Республикадағы саяси ахуал, Республикалық ұланның іс-әрекет тәжірибесі оның әрі қарай даму қажеттігін алға қойып отыр. Атап айтқанда:

1. Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігін халықаралық қауымдастықтың тануы, оның халықаралық беделінің өсуі республикаға шетел мемлекеттері басшыларының ресми сапарлары санының ұлғаюы және халықаралық деңгейдегі әртүрлі шаралардың өткізілуімен байланысты. Мұндай жағдайларда халықаралық хаттамада көзделген рәсімдік жоралғылардың жүзеге асырылуы Республикалық ұланға жүктеледі, мұның өзі оның әрі қарай жетілдіріле түсуін талап етеді.

2. Шет елдерге Президент, Вице-президент, Республика парламенті мен үкіметі басшыларының сапары кезінде олардың көлік құралдарын күзетуді

ұйымдастыру қажет, бұл едәуір валюта қаржысын бөлуді талап етеді. Егер осы мақсаттарға бұл үшін арнайы әзірленген Республикалық ұлан әскери қызметшілерінің наряды тартылған жағдайда үлкен шығындарды болдырмау мүмкіндігі бар.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы және мемлекеттік маңызы бар басқа да объектілер мұқият күзетілуге тиіс. Бұл міндетті де Республикалық ұлан бөлімшелері атқара алады.

4. ТМД және алыс шет елдердегі белгілі оқиғалардың даму барысы төтенше жағдайлар туған кезде қысқа мерзімде маңызды мемлекеттік объектілерді (атом реакторлары, телерадио орталықтары, ұлттық банк, аэропорт, темір жол вокзалы және басқалар) күзетке және қорғауға алу қажеттігін көрсетеді. Республикалық ұланның ұтқыр, арнайы әзірленген бөлімшелері бұл міндеттерді де шешуге даяр болуға тиіс.

5. Республикалық ұланның болуы және оның қызметі республикада тұрақты ішкі саяси ахуалды сақтауға және ұстап тұруға, сондай-ақ халықтың жекелеген экстремистік пиғылдағы жіктерінің (топтарының) конституцияға қарсы ықтимал әрекеттерін тыйып отыруға мүмкіндік береді.

6. Республикалық ұланды төтенше жағдайлар мен стихиялық апаттар кезінде ықпалды көмек көрсетуге жұмылдыру мүмкіндігі бар, бұл да оның құрамында арнайы әзірленген бөлімшелердің болуын талап етеді.

7. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен "Қазақстан Республикасының Қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы" Заңына сәйкес Республикалық ұлан соғыс кезеңінде Қарулы Күштердің резерві болып саналады. Бұл оның тиісті дәрежеде оқытылып-үйретілуін ғана емес, әскери міндеттерді орындауын қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымының болуын қажет етеді.

Жоғарыда айтылғандарға орай Республикалық ұлан үшін мынадай ұйымдық құрылымды белгілеген орынды: Гвардия қолбасшысының басқармасы, күшейтілген бригада, кіші мамандарды даярлау мектебі, қамтамасыз ету және қызмет ету бөлімшелері.

Гвардия жеке құрамының жалпы саны 6000 адамнан тұрады деп белгіленсін.

Республикалық ұлан астана және оның маңайында орналастырылсын. Бұл Республикалық ұлан бөлімшелері мен бөлімдерін республиканың әр түрлі аймақтарында бөліп орналастырғанда туатын артық қауесеттерді болдырмауға жағдай туғызады.

Тиісті жағдайларда бұл үшін алдын ала жоспарланған Қорғаныс министрлігінің көлік құралдарын пайдалану, қажеттілікке орай, гвардия бөлімшелерін республиканың кез келген ауданына жылдам жеткізуге мүмкіндік береді.

Әскер қатарына шақыру контингенттері мен офицер кадрларының

жеткіліксіздігімен, сондай-ақ қаржылық, материалдық-техникалық ресурстарымен байланысты қиындықтарды ескере отырып, Республикалық ұланның жаңа бөлімшелерін құруды бес жыл ішінде, яғни 1998 жылға дейін біртіндеп жүзеге асыру қажет. Гвардияны кеңейту графигі мүдделі министрліктермен келісіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК